

А.А. Утешова*, Н.К. Мәтбек*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: asem.2306@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ПРОЗАСЫНДАҒЫ АЙ МЕН ТҮН МОТИВИ

Зерттеу жұмысы қазіргі қазақ жастар прозасындағы ай мен түн мотивінің көркемдік және мағыналық қызметін талдауға арналған. Бұл тақырыпты зерттеудің өзектілігі – ұлттық мифологиялық және мистикалық сананың көркем әдебиетте жаңғыруы арқылы қазіргі адам санасындағы рухани ізденістерді бейнелеу. Ай мен түн мотивтері тек табиғи құбылыс емес, көркем мәтін құрылымындағы символдық-архетиптік өзекке айналып отыр. Олар кейіпкердің ішкі күйзелісі, экзистенциалды тәжірибесі мен рухани өсуінің көрсеткіші ретінде ұсынылады. Зерттеудің мақсаты – ай мен түн мотивтерінің символдық және семиотикалық қызметін, мифопоэтикалық мәнін, олардың сюжеттік динамика мен кейіпкер психологиясындағы рөлін кешенді талдау. Зерттеу негізінде Лира Қоныс, Мәдина Омарова сияқты қаламгерлердің шығармалары алынған. Әдіснама ретінде мифопоэтикалық, герменевтикалық және салыстырмалы талдау, сондай-ақ архетип, хронотоп және нарратологиялық тәсілдер қолданылған. Нәтижесінде, ай мен түн мотивтері жастар прозасында ерекше поэтикалық әрі символдық кеңістік құрып, ұлттық фольклор мен қазіргі сана арасындағы көпір рөлін атқаратыны дәлелденді. Бұл зерттеу – қазіргі қазақ прозасындағы мистикалық-символдық элементтердің көркемдік қызметін жүйелеген, әдеби талдауға жаңа теориялық әдіс ұсынған еңбек. Практикалық тұрғыда, жұмыс әдебиеттану, мәдениеттану, символика және архетиптік психология салалары үшін құнды әдістемелік база бола алады.

Түйін сөздер: мистика, мотив, тотем, символ, миф.

A.A. Uteshova*, N.K. Matbek

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: Asem.2306@mail.ru

The Motifs of the Moon and Night in Contemporary Kazakh Youth Prose

This study explores the artistic and semantic roles of the moon and night motifs in contemporary Kazakh youth prose. The relevance of the topic lies in the revival of mythological and mystical consciousness in literature, reflecting the spiritual quests of the modern individual. The motifs of the moon and night are not merely natural phenomena but serve as archetypal symbols that reveal characters' inner turmoil, existential struggles, and spiritual transformation. The aim of the research is to provide a comprehensive analysis of the symbolic and semiotic functions of these motifs, their mythopoetic meanings, and their roles in plot development and character psychology. The study focuses on the works of Lyra Konys and Madina Omarova. The methodology includes mythopoetic, hermeneutic, comparative, and narratological analysis, incorporating the concepts of archetype and chronotope. The findings demonstrate that moon and night motifs construct a rich poetic and symbolic space, bridging national mythological memory with contemporary consciousness. This research systematizes mystical-symbolic elements in Kazakh prose and proposes a new theoretical approach to their literary analysis. Practically, the study serves as a valuable methodological resource for literary studies, cultural analysis, semiotics, and archetypal psychology.

Keywords: mysticism, motif, totem, symbol, myth.

A.A. Утешова*, Н.К. Мәтбек

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: asem.2306@mail.ru

Мотивы луны и ночи в современной молодежной казахской прозе

В данном исследовании рассматривается художественная и семантическая роль мотивов луны и ночи в современной казахской молодежной прозе. Актуальность темы заключается в

ной литературе, выражая духовные поиски современного человека. Мотивы луны и ночи здесь выступают не просто природными явлениями, а архетипическими символами, отражающими внутренние кризисы, экзистенциальные переживания и духовный рост персонажей. Цель исследования – комплексный анализ символической и семиотической функции этих мотивов, их мифопоэтического значения, а также роли в развитии сюжета и раскрытии психологии героев. В качестве основного материала рассматриваются произведения Лиры Коныс, Мадины Омаровой. Методология включает мифопоэтический, герменевтический, сравнительный и нарратологический анализ, а также принципы архетипа и хронотопа. Результаты показывают, что мотивы луны и ночи формируют особое поэтическое и символическое пространство, соединяющее фольклорную память с современным мышлением. Данное исследование систематизирует мистико-символические элементы казахской прозы и предлагает новый теоретический подход к их анализу. В практическом аспекте работа может служить методологической базой для литературоведения, культурологии, семиотики и архетипической психологии.

Ключевые слова: мистика, мотив, тотем, символ, миф.

Кіріспе

Қазіргі қазақ прозасында жас каламгерлер рухани-мистикалық ізденістерге ден қойып, тылсым бейнелер арқылы жаңа көркемдік кеңістік құрып келеді. Солардың ішінде ай мен түн мотивтері ерекше орын алады. Ай мен түн – тек табиғи уақыт пен аспан денелері емес, кейіпкердің ішкі әлемін ашуға қызмет ететін терең символдық образдар ретінде көрінеді. Қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорында ай культының орны бөлек. Ол ұлттық дүниетаным мен күнтізбелік салт-дәстүрде ғаламдық анимистік идеялармен сабақтасып отырады. Сондықтан жастар прозасындағы ай мен түн мотивтерін арнайы қарастыру – ұлттық мифологиялық бастаулар мен қазіргі сана тоғысындағы көркемдік үрдістерді дәл байқауға мүмкіндік береді.

Бұл ізденіс ең алдымен қазіргі прозаның ай мен түн образдары арқылы жаһандану жағдайындағы тамырсыздану құбылысын және жеке адамның экзистенциалдық ізденістерін қалай бейнелейтінін ашуға бағытталады. Мәселен, Лира Қоныстың «Алма ағашының құдайы» әңгімесінде «терезеден ай сәулесі әдемілігін төгіп, жарығы маңайға салтанат құрды» деген сәтте баяндаушы терезеге ұмытылып, ақ көйлекті аруды көреді. Кейін бұл бейненің балалық қиялындағы Алмагүл – «алма ағашының құдайы» екені аңғарылады. Осындай көріністер ай мен түннің мистикалық-функционалдық сипатын айқындап, кейіпкердің ұйқы мен ояу, арман мен шындық арасындағы шекарада рухани өсуін көрсетеді.

Әдебиеттануда мотив – шығарманың терең қабаттарына бойлауға мүмкіндік беретін негізгі мағыналық бірлік, «ойлы сырларға» жетелейтін құрылымдық түйін ретінде түсіндіріледі. Ол тарихи-мәдени құбылыстар мен философиялық-психологиялық идеяларды жинақтап, көркем бей-

неге айналдыратын тілдік-символдық құралдың қызметін атқарады. Ай мен түнді мотив ретінде ашу үшін бұл ұғымның архетиптік, мифологиялық, психологиялық қырларын қатар ескеру қажет. Зерттеулерде ай образы дәстүрлі мәдениеттерде құнарлылық пен жаңғырудың, сұлулық пен өлім идеяларының тасымалдаушысы ретінде сипатталып, аспан әлемімен тығыз байланысты екені атап өтіледі. Психология тұрғысынан ай – адам санасының терең, жасырын қабаттарымен байланысты бейне. Ол кейде «ішкі қараңғылықта» ойлануға, өзін тыңдауға итермелеп, күнделікті ақылдан тыс мағыналарды сезінуге жол ашады. Сондықтан ай мен түн мотивін талдағанда мәтіннің өзіне сүйеніп, сонымен бірге мифтік түсініктер мен психологиялық көзқарасты қатар қолданған дұрыс.

Осы теориялық негізге сүйене отырып, қазіргі жастар прозасында ай мен түн мотивтерінің қызметі нақты мәтіндер арқылы айқындайды. «Алма ағашының құдайында» түнгі пейзаж бен ай сәулесі поэтикалық көрініс қана емес, кейіпкердің көңіл-күйіндегі күңгіртті сөйіліп, елес қызды көрінетін ететін рәміздік прожекторға айналады. Бұл ай мен түннің мифологиялық қабатын ашатын тәсіл, себебі ақ көйлекті қызбен байланысты аңыз –сакралды кеңістік пен ұлттық наным-сенімге жасалған интертекст. Демек ай мен түн –атмосфераны қоюландыратын фон ғана емес, кейіпкердің ішкі әлемін, оқиғаның бұрылыс сәттерін және мәтіннің жүйесін реттейтін құрылымдық-символдық өзек.

Зерттеу ең алдымен мына сұрақтарға жауап іздейді: қазіргі прозада ай мен түн мотивтері қандай көркем-функционалдық жүк арқалайды, бұл мотивтер кейіпкердің ішкі әлемінмен және мәдени контекспен қалай сабақтасады? Осы сұрақтарды шешу үшін әдебиеттерге шолу жасалып, мотив теориясы, архетип, хронотоп және

семиотика тұрғысынан теориялық пайымдар түйінделеді. Зерттеудің мақсаты – жастар прозасындағы ай мен түн мотивтерінің қызметін, символдық-мағыналық жүгін, сюжеттік динамика мен кейіпкер психологиясын ашудағы рөлін көрсету, сондай-ақ олардың архетиптік-мифологиялық тамырын және көпдеңгейлі функцияларын жүйелеу. Әдіснама ретінде ілімдік және компаративтік талдау, мәтіншілік дәйектемелерді мағыналық өрістермен байланыстыра оқыту басшылыққа алынады. Осылайша ай мен түн мотивтері арқылы қазіргі проза ұлттық мифтік жад пен бүгінгі сана арасындағы көпірді қалай құрып отырғаны кешенді түрде ашылады. Бұл жаңа буын жазушыларының тылсым өрнектерін түсіндіруде әдістемелік тұрғыдан маңызды қадам болмақ.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде тәуелсіздік кезеңінен кейінгі қазақ жастар прозасының таңдаулы үлгілері алынды. Атап айтқанда, Лира Қоныстың «Алма ағашының құдайы», «Махаббат туралы роман», Мәдина Омарованың «Жол үстінде», «Қадыр түні» атты әңгімелері талдау нысанына алынды. Жазушылардың шығармаларын түсіну үшін оларды зерттеген отандық зерттеушілердің еңбектері негізге алынды. Ғылыми зерттеулердің негізінде аталған шығармалардың мистикалық әлеуеті талданды. Мистикалық әдебиетке тән басты белгілер талданды. Бұл шығармаларда ай мен түн мотиві кейіпкерлердің ішкі психологиясын, экзистенциалды күйзелістерін, қоғамның рухани жағдайын ашуға қызмет ететін басты көркемдік код ретінде қолданылған.

Зерттеу барысында бірнеше әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Біріншіден, **мифопоэтикалық талдау** арқылы ай мен түннің дәстүрлі архетиптік қызметі мен оның қазіргі мәтіндегі трансформациясы қарастырылды. Екіншіден, **герменевтикалық әдіс** қолданылып, мотивтердің кейіпкер психологиясы мен авторлық идеяны жеткізудегі қызметі түсіндірілді. Мысалы, Лира Қоныстың әңгімелеріндегі ай сәулесі мен түнгі хронотоп кейіпкердің шығармашылық пен рухани ояну сәтін бейнелейтін көркемдік деталь ретінде интерпретацияланды. Үшіншіден, **нарратологиялық тәсіл** арқылы түнгі уақыт пен ай бейнесінің сюжеттік динамикадағы рөлі, шиеленіс пен шешімнің жүзеге асу мезеті ретінде атқаратын қызметі талданды. Сонымен қатар **салыстырмалы талдау** қазақ прозасындағы ай

мен түн мотивтерін түркілік фольклор мен әлем әдебиетіндегі ұқсас символдармен байланыстыру үшін қолданылды. Осы әдістердің тоғысуы ай мен түн мотивтерінің көпқырлы қызметін толық ашуға мүмкіндік берді.

Әдебиеттерге шолу

Мистика – қазақ әдебиеті тарихында сирек айтылғанымен, оның ізі ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алады. Мистикамен қатар миф, аңыз, фольклорлық шығармалар да әрқашан қатар айтылады. Әрқайсысы жеке ұғым болғанымен, көркем мәтінде олар өзара жымдасып, авторлық ойды жеткізудің көркемдік әдісі ретінде қолданылады. Әдебиеттегі мистиканың орны мен көркемдік ерекшелігіне қатысты М. Мелетинский, М. Бахтин, К. Юнг сынды зерттеушілер мифтік сана, хронотоп, архетип ұғымдары төңірегінде жан-жақты тоқталған. Мәселен, М. Мелетинский мифологиялық мотивтердің әдебиеттегі көркемдік қызметін ашса (Мелетинский, 1998), М. Бахтин хронотоп категориясы арқылы уақыт пен кеңістіктің символдық-мағыналық мәнін көрсетеді (Бахтин, 1975), ал К. Юнг архетиптерді бейсаналықтың әмбебап кодтары ретінде қарастырады (Jung, 1959). Сондай-ақ, Мирча Элиаде мистикалық уақыт пен «ғарыштық түн» концепциясын енгізіп, қараңғылық пен айдың адамзат мәдениетіндегі сакралды сипатын түсіндірді (Eliade, 1959). Жаһандық әдебиеттану ғылымында Дж. Кэмпбелл, Н. Фрай, Ж. Шевалье мен А. Гербрант еңбектерінде де мистикалық сарындардың трансформация, инициация және рухани ізденіс кезеңдерімен тығыз байланысы ашылады. Бұл классикалық теориялар қазіргі әдеби зерттеулермен де өзара сабақтасып отыр. Мәселен, Е. Циколлиа Мелвиллдің *Мобидик* шығармасындағы архетиптік сапарды Кэмпбеллдің мономиф моделімен байланыстыра зерттесе (Tsikolia, 2025), Хазра мен т.б. Бани Басудың прозасындағы кеңістіктік архетиптерді Фрайдың әдеби құрылым теориясы арқылы талдайды (Hazra, 2025). Ал Цирлот символдардың семиотикалық мәнін ашу арқылы Шевалье мен Гербрант ұсынған символизмнің мифологиялық қабаттарын тереңдете түседі (Cirlot, 2002). Осы теориялық тұжырымдар қазақ прозасындағы мистикалық элементтерді, соның ішінде ай мен түн мотивтерін талдауға әдістемелік негіз болып табылады.

Қазақ әдебиетіндегі мистикалық элементтерге қатысты зерттеулер аса көп емес, олардың

басым бөлігі қазіргі қазақ прозасына арналған. М. Ахметованың еңбегінде мистикалық шығармалардағы тотемдік бейнелер талданып, қазақ дүниетанымындағы бөрі, киелі ағаш, жылан сияқты мәдени-тарихи коды бар образдардың қазіргі прозада қолданылу мақсаты мен олардың жаңаша репрезентациялануы қарастырылған. Осыған ұқсас бағыттағы зерттеулердің бірі – М. Оразбек пен С.С. Сағидуллиеваның мақаласы (2024). Авторлар Лира Қоныс шығармаларындағы мистикалық бейнелерге тоқталып, олардың көркемдік шешімін, психологиялық қызметін және авторлық ойды жеткізудегі рөлін саралаған. Сондай-ақ Р.Б. Сұлтанғалиева мен С.С. Сағидуллиева қазіргі қазақ жас прозасындағы готикалық, мистикалық және магиялық элементтердің ұлттық әдебиетке ықпалын қарастырып, әлемдік дәстүрлер мен отандық прозаның тоғысуын талдаған (2021). А.О. Тоқсамбаева қазіргі қазақ прозасының көркемдік ерекшеліктерін айқындап, жастар прозасында мифтік таным мен мистикалық сарындардың жаңғыра түскенін атап өтеді (Тоқсамбаева, 2022). Бұған қоса, Г.С. Сағынадин еңбектерінде қазақ прозасындағы фольклорлық сюжеттер мен түркілік мифологиялық мотивтердің жаңа формада қайта оралуы сөз болады (Сағынадин, 2021). Г.Р. Сәулембек М. Мағауиннің «Қуыршақ» әңгімесін талдай отырып, вампиризм және қорқынышты бейнелердің дәстүр мен жаңашылдық аясында қолданысын ашып көрсеткен (Сәулембек, 2021). Бұл зерттеулер қазақ прозасындағы мистикалық мотивтердің жеке қаламгер шығармашылығында әр қырынан көрініс тауып, ұлттық дәстүрдің заманауи прозадағы бейімделуін айқындайтын дәлелдейді.

Мистикалық шығармаларда уақыт пен кеңістіктің маңызы ерекше. Себебі дәл осы хронотопта кейіпкерлер лиминалдылық күй кешіп, өздерінің рухани дағдарысын немесе ішкі өзгерісін бастан өткереді. Қазақ әдебиетіне қатысты отандық зерттеулерде ай мен түн мотивін арнайы қарастырған еңбектер жоқтың қасы, көбіне жалпы мистикалық сарындар мен мифопоэтикалық бейнелерге назар аударылған. Ал орыс зерттеушілері ішінде М.И. Козьякованың «Мифология дня и ночи: эстетика метаморфоз» атты еңбегінде күн мен түн образдарының мәдени-эстетикалық трансформациялары мен бинарлық оппозициясы терең талданады. Зерттеуші күнді – аполлонылық, ал түнді – дионисийлік бастаулармен байланыстыра отырып, олардың өнер мен әдебиеттегі символдық қызметін ашады. Бұл тү-

жырым ай мен түннің тек табиғи құбылыс емес, адамның ішкі әлеміндегі қарама-қайшылықтар мен рухани өзгерістердің көркем коды екенін дәлелдейді. Ал М.В. Пименова, Н.П. Балашованың «Соматические метафоры луны в современных поэтических произведениях» атты мақаласында ай бейнесі тілдік-көркем мәдениеттің «соматикалық коды» ретінде қарастырылып, оның өмірлік, сезімдік және денелік метафоралары айқындалған. Зерттеуші айды тірі ағза ретінде сипаттай отырып, оның бейнесін мифологиялық архетиптермен байланыстырады. Екі зерттеудің де ортақ тұжырымы – ай мен түн символдары архетиптік, мифологиялық және эстетикалық тұрғыдан маңызды мәнге ие болып, көркем мәтінде трансформация мен рухани сынақтардың басты кодына айналатыны. Бұл тұжырымдар қазақ жастар прозасындағы ай-түн мотивін талдауға әдістемелік негіз береді. Сонымен қатар ай мен түн хронотопы кейіпкерді рационалдықтан иррационалдыққа өткізетін межелік кеңістік ретінде анықталып, шығарманың философиялық тереңдігін күшейтеді. Мұндай символдар жазушылардың мәтіндерінде психологиялық дискурс пен мифологиялық кодтың табиғи тоғысуына мүмкіндік береді. Ай бейнесінің «жанып-өшу», «айналу», «қайта туу» сияқты қасиеттері кейіпкердің ішкі эволюциясын ишаралап, оқиғаның құрылымдық динамикасын айқындайды. Түн хронотопы – қорқыныш, белгісіздік және архаикалық жадымен байланыс орнататын кеңістік ретінде кейіпкердің түбірлі шешім қабылдау сәтін символикалық деңгейде ашады. Осылайша, сырттай мистикалық сипатқа ие көрінетін ай мен түн мотивтері шын мәнінде қазіргі жас прозашылардың адам жанының терең қабаттарын бейнелеудегі маңызды поэтикалық құралға айналады.

Нәтижелер мен талқылау

Мистикалық шығармаларда образдар мен тотемдердің қолданылуы түрлі қызмет атқарады. Бұл жөнінде А.М. Ахметова және Г.М. Ахметова зерттеуінде «фольклорлық тотемдік ұғымдардың көркемдік амал ретіндегі қызметімен қоса, утилитарлық және тәрбиелік функциясының рөлі ғылыми тұрғыда сараланған, аңыз, мифтік тотемдердің эстетикалық қызметі жан-жақты талданған». Авторлар қазіргі әңгімелерде «мистикалық және фольклорлық сарындардың тоғыспалы ықпалда көрінетін элементтері» алғаш рет жүйелі қарастырылғанын, тотемдік, ұғым-

дардың көркем мәтін негізінде қайта жаңғыру жолдарына баса мән берілгенін атап өтеді. Яғни тотем-образдар тек «әшекейлі деталь» емес, эстетикалық, дүниетанымдық және тәрбиелік деңгейлерде жұмыс істейтін күрделі семиотикалық тетік (Ахметова, 2021).

Бұл тетік ең алдымен үш деңгейде байқалады. Біріншіден, мәтіншілік деңгейде тотемдер қақтығысты қозғап, бұйрылыс сәтін белгілейді. мысал, киелі ағаш немесе тасталған бақ деталі оқиғаға кеілік қлшем қосып, т.нгі кеңістікті сынақ алаңына айналдырады. Ай сәулесі сол сәтте әшкерелеуші жарық ретінде бұрылыс нүктесін көрінетін етеді. Екіншіден, семантикалық-символдық деңгейде деңгейде олар архетиптік мағыналарды жаңғыртады: ағаш – дүниенің діңгегі, бөрі – қорғаушы күш пен жалғыздықтың екіұдай бейнесі, жылан – шекарадан өту мен түрленудің нышаны, ай – цикл жасау, қадағалушы көз, түн – лиминалдық, инициация уақыты. Үшіншіден, прагматикалық деңгейде тотемдер эмоциялық әсерді күшейтіп, оқырманды бейсаналық ассоциациялармен жұмыс істеуге итермелейді: ақ көйлекті ару, сыңсып салған әуен, суық тигендей түрту сияқты маркерлер қорқыныш пен елендеуді оятады, сол арқылы мәтіннің ықпалын тереңдетеді.

Жастар прозасында тотемдік белгілер жаңа ортада да көрінеді. Киелі орын тек ауыл емес: қаладағы бос алаң, түнгі көше, көпір сияқты кеңістіктер де «киеленеді». «Кие» ұғымы әлеуметтік-экологиялық жарақатпен байланысады: мысалы, оталған бақтың «құдайы» не «әруағы» туралы аңыздар пайда болады. Осындай бейнелер тек көркем көрініс емес, мәтіннің этикалық бағытын да айқындайды: ай мен түн мотиві, тотемдер кейіпкерді ішкі жауапкершілікке шақырып, қауымның жадысын оятады. Сондықтан мистикалық прозада мұндай образдар бір мезгілде атмосфера жасайды, оқиғаны алға жылжытады, кейіпкердің жан дүниесін ашады және ұлттық мәдени кодты қайта қосады. Бұны талдағанда қарапайым белгілерге сүйену жеткілікті: жарық пен көлеңке, ақ көйлек бейнесі, естілетін әуен немесе «түрту» сияқты сезімдік детальдар, айдың фазалары; сондай-ақ архетиптік мәндер мен түнгі кеңістік-уақыттың (хронотоптың) қалай ұйымдасатынын бірге қарастырған дұрыс.

Лира Қоныстың «Алма ағашының құдайы» әңгімесінде: *«Күндіз көрінбейді, түн баласына алма ағаштарын аралап ән салатын көрінеді, осы маңға демалыстап келгенде бұзақылардың қолына түсіп бір қыз өлген екен, соның әрауығы*

тау ішін кезіп жүреді дейді біреу. Ал, біреулер ол қыз шынныда да ишабылған, оталған алма бақтарының киесі дейді, түн баласына ағаштарды жоқтап жылайды деп соғады, рас-шынын кім біліпті..?» (Қоныс, 2013: 28). Үзіндіде түн – жай фон емес, «киелі уақыт», «әруақ», «кие» туралы сөздер оталған бақ әлеуметтік-экологиялық мәселеге берілген мистикалық жауапты қкрсетеді. Адамдардың арасындағы қауесет осы мифті әңгімеге крігізіп, оқиғаны қозғайды, шиеленісті күшейтеді. Түгі кеңістік қиялды оятып, сезім мен интуицияны күйшейтеді, сондықтан ол бастан кешу мен әшкерелеудің уақытына айналады. Кие, әруақ сияқты тотемдік белгілер А.М. Ахметова айтқандай тек әсемдік үшін емес, тәрбиелік мәні бар. Олар кейіпкерді жауапкершілікке шақырады.

Зерттеуіміздің нысаны болған түн мотивінің семантикалық өрісін М. Козьякова күн/түн мифологемасының эстетикасы арқылы негіздейді. «Түн феномені семантикалық байлығымен ерекшеленіп, дәстүрлі түрде сакрал тәжірибелермен, магия және эзотерикалық біліммен байланысты қарастырылады. Жаңа дәуірде ол өз мәдени кеңістігін, яғни белгілері мен ритуалдары бар қалалық түнді қалыптастырады. Зерттеуші түнді «преимущественно эмоциональное, творческое явление» деп сипаттайды. М. Козьякова «Ночь освобождает от тела ... ночь будит воображение» деген тезисімен түннің интенция мен қиялды белсендіретін уақыт екенін айқындайды. Сонымен бірге «свет рождается из тьмы» деген көне идея жаңғырып, «таинство возрождения человека и мира всегда совершается ночью» деген пайым өнер мен әдебиетте орныққанын көрсетеді (Козьякова, 2021). Демек, түн – инициация, түрлену, әшкерелеу сәттерінің хронотопы.

Түн феноменінің семантикалық байлығы М. Козьякова сипаттаған эстетикалық-эмоциялық өлшеммен ғана шектелмейді. М. Элиаде инициациялық тәжірибелер мен космогониялық мифтерді талдай отырып, «ғарыштық түн» идеясын ұсынады: қараңғылыққа ену – «әйел құрсағына» символдық қайту, ал таң – қайта туу сәті; сондықтан өнер мен мифтің терең қабатында жаңару рәсімдері түнде жүзеге асады (Eliade, 2002). К.Г. Юнг архетиптік психология тұрғысынан түнді «Көлеңке» кешені мен бейсаналықтың белсенді аймағы деп түсіндіреді: күндізгі сана тежеген мазмұндар түнде босансып, анимус/анима, жер ана, ай сияқты архетиптер арқылы көрініс табады; сол себепті түн – интроспекция мен трансформацияның «психологиялық лабораториясы».

риясы» (Jung, 1997). Г. Бачелар поэтикада түнді қиялды тереңдететін медиум ретінде сипаттайды: түнгі тыныштық пен қараңғы кеңістік «ішкі есту» мен «ішкі көруді» ұлғайтады, ал жарық-көлеңке оппозициясы шығарманың эмоциялық рельефін құрайды (Bachelard, 1969). Г. Дюран қиялдың антропологиялық құрылымын талдағанда «түнгі режимді» (régime nocturne) бөліп көрсетеді: түн – су, ай, күміс сәуле, тербеліс, әуен, құндақтау сияқты символдармен сабақтасып, қорғаныс пен медитация, уақытша «жабылу» арқылы ішкі тұтастықты қалпына келтіреді (Durand, 1999). Э. Цирлот символдар сөздігінде түнді «қасиетті құпияға бастайтын бос кеңістік» және «жасырын білімнің уақыты» деп сипаттайды; ай сәулесі сол құпияны «әшкерелейтін» суық, бірақ бағыттаушы жарық ретінде қызмет етеді (Cirlot, 2002).

Мистикалық прозаға тән ай мотиві Лира Қоныс шығармасында нақты көрініс табады: *«...Оянғанымда құлагымда сыңсып салған әуен тұрды. Тау ішінде, жеті түнде ідетіп жүрген бұл кім деп елеңдедім. Терезеден ай сәулесі әдемілігін төгіп, жарығы маңайға салтанат құрып тұрған. Орыннан тұрып, әйнектен үңілгенімде тыстан ақ көйлекті, қос бұрымы тірсегін соққан ару қызды көрдім»* (Қоныс, 2013:29) Ай сәулесі қараңғылықтағы бейнені «жарыққа шығарады» – ару сол сәтте ғана көрінеді. «Ақ көйлек», «қос бұрым» – тылсым кейіпкердің көзге бірден түсетін белгілері. Бұған дейінгі «сыңсыған әуен» де сол кездесуге шақырған ишара сияқты. Яғни осы көрініс – оқиғаның бұрылыс сәті: кейіпкер түн ішінде бір шекарадан аттап, жаңа күйге өтеді. Ай образын зерттеулер «тірі» сипатқа ие символ деп түсіндіреді: ол «оянады», «тынышталады», «сыбырлайды» деп суреттеледі – сондықтан айдың жарығы жай ғана табиғи құбылыс емес, мағынаны ашатын белгі. Символдар сөздіктерінде ай «суық, бірақ бағыт беретін» жарық ретінде айтылады: түнде не жасырын болса, соны ай анық етіп көрсетеді. Сол себепті айдың бар-жоғы немесе фазасы кейіпкер көңіл-күйінің де шағын белгісі ретінде оқылады (үміттену, күмәндану, ашылу, жасырыну).

Ай бейнесі туралы М.В. Пименова: «символика луны – одна из самых древних и богатых на ассоциации», жарты айдың ежелгі мәдениеттегі киелі рәміз екені көрсетіліп, айдың архетиптік қабаты ашылады. Зерттеу соматикалық код ұғымыны енгізіп, айды тірі ағза ретінде антроморфтайтын итальдi метафоралардың өнімділігін дәлелдейді. Сондай-ақ айдың әйелдік бастау

символикасы поэтикалық мәтіндерде тұрақты көрінетіні көрсетілген. Бұл қорытындылар жастар прозасындағы айдың «күзетші жарық», «суық көз», «бағыттаушы белгі» секілді функцияларын түсіндіруге тікелей кілт береді (Пименова, Балашова, 2015). Осы авторлардың ай туралы тұжырымы бірнеше классикалық еңбектермен үндес. Юнг архетиптік психологияда айды ұжымдық бейсаналықпен байланысқан ана-образ, интуиция мен «көлеңкелік» кеңістікке өткізетін рәміз ретінде түсіндіреді; сондықтан ай кейіпкердің ішкі түйсігін оятады, жасырын сезімдерді қозғалтатын «жұмсақ жарық» қызметін атқарады. Элиаде айдың циклдік табиғатын киелі уақыттың үлгісі ретінде қарастырып, «қайта туу» идеясын ай фазаларымен ұштастырады: толған ай – кемелдік, жаңа ай – бастау, «жоқ ай» – жасырыну/тыныс. Шевалье-Гербрант сөздігінде ай әйелдік бастау, құнарлылық, ырғағы бар өмірмен байланыстырылса, кей өркениеттерде ай ерлік принциппен де ұштасатыны көрсетіледі, бұл ай символының көпқабаттығын дәлелдейді (Chevalier & Gheerbrant, 2024). Цирлот айды «суық, бірақ бағыттаушы» нұр ретінде сипаттап, оны түн құпиясын әшкерелейтін прожекторға теңейді. Осы теориялық тіректер М.В. Пименованың «соматикалық кодын» толықтырып, жастар прозасында айдың «күзетші жарық», «суық көз», «бағыттаушы белгі» ретіндегі қызметін шынайы түсіндіруге мүмкіндік береді: ай – кейіпкердің ішкі шешім сәттерін белгілейтін моральдық маркер, түнгі хронотопта жол көрсететін символ.

Мистикалық прозадағы «түнгі шақыру» мотиві Л. Қоныстың «Махаббат туралы романында» айқын көрінеді. Кейіпкер дәл қараңғылық түскен мезетте белгі алады, ал сол белгі оны ішкі шешімге итермелейді. Осыны көрсететін эпизод: *«Антаның жқма күні болатын, тағы да күн қясына қонып, терезелер қараға боялғанда әлдекім жеңімнен тұртті. Бұл маған шығуым керектігін жеткізуші ғой дедім. « Иә, қазір қайтамын,- дедім оған бұрылып қарамастан. Ол және тұртті. Саусағының ұшы қолыма тигенде әлдебір суық сезіндім, бойым тоңазып, діріл қақтым. Еріксіз көз салғанымда кітапхана қызметшісі емес, ақ көйлекті қара торы қыз күлімсіреп тұрды»* (Қоныс, 2013: 82). Бұл көріністе «жеңнен тұрту» мен «денені шымырлатқан суық сезім» – тылсыммен шекарадағы байланыс белгісі. Ақ көйлек – осы тылсым кейіпкердің қайталанып келетін айқын нышаны. Түннің өзі кейіпкерді жалпы ақылмен жүретін қалыптан

шығарып, ішкі дауысына құлақ асуға итереді; сол сәт – оқиғаның бұрылыс нүктесі. Теория жағынан алғанда, мұндай түнгі эпизод инициация үлгісіне сай келеді: қараңғылық – бастапқы күйге (ішкі «күрсаққа») символдық қайту, ал таң – жанарып шығу. Юнг айтқан бейсаналық пен «көлеңке» ұғымдары тұрғысынан, селт ету мен қалтырау – ішкі өзгерісті бастаған психологиялық триггер. Яғни түн – шақыру уақыты, осы шақыруды қабылдаған кейіпкер ертеңіне басқа адам болып оянады.

М. Омарованың «Жол үстінде» әңгімесі «Түн болатын. Ауадан бөлек иіс сезіледі. Қараңғылықтың иісі. Суық. Екеуіміз келе жатырмыз» деген жолдармен басталып, оқырманды бірден түннің қалың атмосферасына енгізеді (Омарова, 2012: 159). Қараңғылықтың иісі, суық, қозғалыс сияқты сезімдік детальдар күдікті күшейтіп, готикалық тонды орнатады. Т. Әсемқұлов айтқандай, оқиға қазақ арасында белгілі «Уақытында келіп, жетпіс жыл кешіккен ажал» аңызына ұқсайды: бірінші жақтан баяндалады, түнде жолсерік болған бейтаныс адамның өлі екені кейін белгілі болады. Ә. Жақұлаев та осы әңгіменің готикаға тән белгілерін нақты атап өтеді: түнгі фон, жұмбақ жолсерік, елеспен сапарлас болу және құпияның шығарманың соңында ғана ашылуы (Жақұлаев, 2018).

Бұл шешімдер түнді жай фон емес, мазмұнды алға жылжытатын тетікке айналдырады. Түнгі жол өтпелі кеңістік ретінде алынады: артта қалған мен алда тұрғанның арасындағы шекара. Сондықтан суық, үнсіздік, баяу жүріс кейіпкердің шекарадан өту күйін білдіреді. Сюжеттік тұрғыдан түн – шақыру мен мойындаудың уақыты. Кейіпкер белгісіз адаммен бірге жол жүріп, сену мен күдіктену арасында қалады, ақырында оның елес екенін таниды. Мағыналық жағынан түн – өлім мен естің, жадтың тақырыбын қозғайтын рәміздік кеңістік; елеспен сапар – ажалмен бетпе-бет келудің, ішкі сынақтан өтудің көрінісі. Әңгіме тілі ықшам. Қысқа сөйлемдер демігіп келе жатқан күйді береді, ақпарат бөлшектеп ашылады, бірінші жақ баяндау сенімділік пен сенімсіздіктің арасында ұстайды. Құпияның соңында ғана ашылуы әсерді күшейтеді де, түн мотивін қорқыныш пен рухани танудың ортақ алаңына айналдырады. Осылайша «Жол үстінде» түн ұлттық аңыз фабуласы мен қазіргі психологиялық прозаны байланыстырып, түнгі жолды экзистенциалдық сапарға айналдырады.

М. Омарованың «Қадыр түні» әңгімесінде Қыдыр атаны күтіп отырған қыздың басынан

өткен оқиға баяндалады. Қадыр түні – ислам күнтізбесіндегі ең қасиетті түн, сол себепті шығармада түн жай фон емес, киелі уақыт ретінде беріледі. Оқиға дәл осы өтпелі мезетте өтеді, кейіпкер «екі әлемнің» шекарасында тұрады. Дұға, үнсіздік, әлсіз жарық, бос кеңістік сияқты белгілер күдік пен ширығуды күшейтеді; ал күтпеген кездесу, елестің көрінуі, ішкі селт ету секілді детальдар оқиға бағытын өзгертіп, бұрылыс жасайды. Бұл құрылым Б.Ә. Ысқақ сипаттаған нео-готикалық модельге сай келеді: Омарова тылсым атмосфераны біртіндеп қалыңдатып, кульминацияда құпияны ашу арқылы кейіпкерді де, оқырманды да этикалық әрі экзистенциал шешімге жақындатады (Ысқақ, 2023).

Қорытынды

Қазіргі қазақ жастар прозасындағы ай мен түн мотиві көркемдік символика мен архетиптік мағынаға негізделген терең мазмұнды суреттеу тетігіне айналғаны анықталды. Бұл мотивтер тек поэтикалық құрал емес, кейіпкердің ішкі жан дүниесін, рухани ізденісін, экзистенциалдық хал-күйін ашуға қызмет етеді. Ай мен түн арқылы жас авторлар дәстүрлі мифологиялық сана мен қазіргі адамның психологиялық әлемін байланыстырады. Зерттеу барысында Лира Қоныс, Мәдина Омарова сияқты қаламгерлердің шығармаларындағы ай мен түн бейнелері түрлі деңгейде – мифопоэтикалық, символдық және психологиялық тұрғыда – көркемдік қызмет атқаратыны дәлелденді. Түн хронотопы мен ай сәулесі кейіпкердің шешім қабылдау, рухани тазару немесе есею сәтін білдіретін құрылымдық нүкте ретінде қолданылады. Бұл мотивтер ұлттық әдебиетте жаңа формада жаңғырып, фольклорлық код пен заманауи проза арасындағы көпір қызметін атқарады. Сонымен қатар ай мен түн символдары мистикалық мәтіндерге тән мазмұнды қоюландырып, оқырманды терең психологиялық және философиялық пайымдауға жетелейді. Осылайша, мақалада талданған ай мен түн мотивтері қазіргі қазақ прозасының идеялық-көркемдік кеңістігінде маңызды әрі көпқырлы рәміздік жүйе ретінде орныққаны айқындалды. Бұған қоса, бұл мотивтер автордың поэтикалық әлемін даралап, мәтіннің эстетикалық тұтастығын күшейтетін интертестуалдық элемент ретінде көрінеді. Ай мен түн образдары арқылы қазіргі қазақ прозасы кеңістік пен уақытты символдық деңгейде қайта құрып, оқырманды жаңаша қабылдау тәжірибесіне бағыттайды.

Әдебиеттер

- Мелетинский, Е.М. (1998). *Поэтика мифа*. Москва. Восточная литература.
- Бахтин, М. М. (1975). Формы времени и хронотопа в романе. *Вопросы литературы и эстетики*. Москва. Художественная литература.
- Jung, C. G. (1959). *The Archetypes and the Collective Unconscious* (Vol. 9i). Princeton, NJ. Princeton University Press.
- Eliade, M. (2002). *Rites and symbols of initiation: The mysteries of birth and rebirth* (W. R. Trask, Trans.; Original work published 1958). Inner Traditions. [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/ritessymbolsofin0000elia> (Date of use: 12.05.2025)
- Tsikolia, E. (2025). Monomyth in Herman Melville's *Moby-Dick; or, The Whale*. *Language and Culture*. . [Electronic Resource]. URL: <https://journals.4science.ge/index.php/enadakultura/article/view/4295> (Date of use: 12.05.2025)
- Hazra, D.S.R., & Rai, I.S. (2025). Navigating comparative cartographical ecosystem and spatial praxis in Bani Basu's *Gandharvi: Life of a Musician and Moom*. *International Journal of Environmental Research and Development*. [Electronic Resource]. URL: <https://www.researchgate.net/publication/395733295> (Date of use: 12.05.2025)
- Cirlot, J.E. (2002). *A dictionary of symbols* (2nd ed.; J. Sage, Trans.; Original work published 1962). Routledge. [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/j.-e.-cirlot-dictionary-of-symbols> (Date of use: 12.05.2025)
- Оразбек, М.С., & Сагидуллиева, С.С. (2024). Лира Қоныс шығармашылығындағы мистикалық, магиялық мотивтердің интерпретациялануы. *Керуен*, №84(3), Б. 72–82. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-06>
- Сұлтанғалиева, Р.Б., & Сагидуллиева, С.С. (2021). *Тәуелсіздік кезеңіндегі жас қаламгерлер прозасы және әлемдік әдебиет дәстүр ықпалдастығы: Готикалық, мистикалық, магиялық мотивтер*. Алматы. Қазақ кітабы баспасы.
- Токсамбаева, А.О. (2022). Қазіргі қазақ прозасының көркемдік ерекшелігі [Artistic features of contemporary Kazakh prose]. *EAGI хабаршысы*, №3, Б. 188–196. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.18>
- Сағынадин, Г.С. (2021). Фольклорлық сюжет: жанр және түркілік мотив көріністері. *Мәдени мұра*, №4, Б. 140–150. <https://doi.org/10.47500/2021.v4.i4.13>
- Сәулембек, Г. (2021). Вампиризм в мистической прозе: По мотивам рассказа М. Мағауина «Кукла». *Керуен*, №73(4). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-15>
- Ахметова, Г.М., & Ахметова, А.М. (2021). Қазіргі мистикалық шығармалардағы тотемдік бейнелердің символдық мәні. *Eurasian Journal of Philology: Science & Education*, №183(3), Б. 79–89. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v183.i3.ph9>
- Қоныс, Л. (2013). *Шахарбанудың сыңсуы*. Алматы. Жалын.
- Козьякова, М.И. (2021). Мифологема дня и ночи: эстетика метаморфо. *Вестник МГУКИ*, 4(102). [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/mifologema-dnya-i-nochi-estetika-metamorfoz> (Дата использования: 12.05.2025)
- Jung, C. G. (1997). *Jung on Active Imagination* (J. Chodorow, Ed.). Princeton, NJ. Princeton University Press.
- Bachelard, G. (1969). *The poetics of reverie: Childhood, language, and the cosmos*. Beacon Press. [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/peoticsofreverie00bach/page/n1/mode/1up> (Date of use: 12.05.2025)
- Durand, G. (1999). *The anthropological structures of the imaginary*. Boasis. [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/lesstructuresant0000dura/page/n6/mode/1up> (Date of use: 12.05.2025)
- Пименова, М.В., & Балашова, Н.П. (2015). Соматические метафоры луны в современных поэтических произведениях. *Гуманитарный вектор. Серия: Филология, востоковедение*, №4(44). [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/somaticheskie-metafory-luny-v-sovremennyh-poeticheskikh-proizvedeniyah> (Дата использования: 12.05.2025)
- Chevalier, J., & Gheerbrant, A. (2024). *Dictionnaire des symboles: Mythes, rêves, coutumes, gestes, formes, figures, couleurs, nombres* (Reprint ed.; Original work published 1969). Robert Laffont. [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/dictionnairedessymbolesmythesrevescoutumesgestesformesfigurescouleursnombresjean> (Date of use: 12.05.2025)
- Омарова, М. (2012). *Қадір түні: проза*. Алматы. «Жалын баспасы» ЖШС.
- Жақұлаев, А. (2018). Қазіргі қазақ прозасындағы готикалық өрнектер. [Электронды ресурс]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20719> (Пайдаланылған күні: 12.05.2025)
- Ысқақ, Б.Ә. (2023). Мәдина Омарова әңгімесіндегі готика мәселесі. *Ясауи университетінің хабаршысы*, №3(129), Б. 98–110.

References

- Ahmetova, G.M., Ahmetova, A.M. (2021). Qazirgi mistikalyq shyqarmalarda y totemdik beinelerdiñ symboldyq máni [The Symbolic Meaning of Totemic Images in Contemporary Mystical Works]. *Eurasian Journal of Philology: Science & Education*. Iss. 183, Vol. 3, P. 79-89. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v183.i3.ph9> (in Kazakh)
- Bakhtin, M.M. (1975). *Formy vremeni i khronotopa v romane: Voprosy literatury i estetiki* [Forms of time and chronotope in the novel: Questions of literature and aesthetics]. Moscow. Khudozhestvennaya literatura.
- Bachelard, G. (1969). *The poetics of reverie: Childhood, language, and the cosmos*. Beacon Press. [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/peoticsofreverie00bach/page/n1/mode/1up> (Date of use: 12.05.2025)
- Chevalier, J., & Gheerbrant, A. (2024). *Dictionnaire des symboles: Mythes, rêves, coutumes, gestes, formes, figures, couleurs, nombres* (Reprint ed.). Paris. Robert Laffont. (Original work published 1969). [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/dictionnairedessymbolesmythesrevescoutumesgestesformesfigurescouleursnombresjean> (Date of use: 12.05.2025)
- Cirlot, J.E. (2002). *A dictionary of symbols* (2nd ed., J. Sage, Trans.). London. Routledge. (Original work published 1962). [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/j.-e.-cirlot-dictionary-of-symbols> (Date of use: 12.05.2025)

- Durand, G. (1999). *The anthropological structures of the imaginary*. Boasis. [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/lesstructuresant0000dura/page/n6/mode/1up> (Date of use: 12.05.2025)
- Eliade, M. (2002). *Rites and Symbols of Initiation: The Mysteries of Birth and Rebirth*. (Original work published 1958). Translated by W.R. Trask. Rochester, VT: Inner Traditions. [Electronic Resource]. URL: <https://archive.org/details/ritessymbolsofin0000elia> (Date of use: 12.05.2025)
- Jung, C. G. (1997). Jung on Active Imagination (J. Chodorow, Ed.). Princeton, NJ: Princeton University Press. ISBN 0-691-01576-7.
- Jung, C. G. (1959). *The Archetypes and the Collective Unconscious* (Vol. 9i). Princeton, NJ: Princeton University Press.
- Hazra, D.S.R., Rai, I.S. (2025). Navigating comparative cartographical ecosystem and spatial praxis in Bani Basu's *Gandharvi: Life of a Musician and Moom*. *International Journal of Environmental Research and Development*. [Electronic Resource]. URL: <https://www.researchgate.net/publication/395733295> (Date of use: 01.07.2025)
- Kozyakova, M.I. (2021). Mifologema dnya i nochi: estetika metamorfoz [The Mythologem of Day and Night: Aesthetics of Metamorphosis]. *Vestnik MGUKI*. Vol. 4(102). [Electronic Resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/mifologema-dnya-i-nochi-estetika-metamorfoz> (Date of use: 12.05.2025) (in Russian)
- Meletinsky, E. M. (1998). *Poetika mifa* [The poetics of myth]. Moscow: Vostochnaya literatura. (in Russian)
- Omarova, M. (2012). Qadir tuni: proza [The Night of Qadr: Prose]. Almaty. "Zhalyń baspasy" ZhSHS. (in Kazakh)
- Orazbek, M.S., Sagidulliyeva, S.S. (2024). Lira Qonys shyǵarmashylyǵyndaǵy mistikalyq, magiıalyq motivterdiń interpretatsıyalanuy [Interpretation of Mystical and Magical Motifs in Lira Qonys' Works]. *Keruen*. Iss. 84, Vol. 3, P. 72-82. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-06> (in Kazakh)
- Pimenova, M.V., Balashova, N.P. (2015). Somaticheskie metafory lunny v sovremennykh poeticheskikh proizvedeniyaх [Somatic Metaphors of the Moon in Contemporary Poetic Works]. *Gumanitarny vektor. Seriya: Filologiya, vostokovedenie* [Humanitarian Vector. Series: Philology, Oriental Studies]. Vol. 4(44). [Electronic Resource]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/somaticheskie-metafory-lunny-v-sovremennykh-poeticheskikh-proizvedeniyaх> (Date of use: 24.09.2025) (in Russian)
- Qonys, L. (2013). Shakhbarbandyn syńsuy [The Lament of Shakhbarband]. Almaty. Zhalyń. (in Kazakh)
- Saulembek, G. (2021). Vampirizm v misticheskoy proze: Po motivam rasskaza M. Magauina "Kukla" [Vampirism in mystical prose: Based on M. Magauin's story "Doll"]. *Keruen*, Vol. 73(4). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-15>
- Saghynadyn, G.S. (2021). Fol'klorlyk syuzhet: zhanr zhane turkilik motiv kórinisteri [Folkloric plot: Genre and Turkic motifs]. *Mádeni mura*, Vol. 4, P. 140-150. <https://doi.org/10.47500/2021.v4.i4.13>
- Sultanǵaliyeva, R.B., Sagidulliyeva, S.S. (2021). Táuelsizdik kezeńindegi zhas qalamgerler prozasy zhane álemdik ádebiat dástúr ıqpaldastyǵy: Gotikalyq, mistikalyq, magiıalyq motivter [Prose of young writers in the independence period and global literary influences: Gothic, mystical, magical motifs]. *Monografiya*. Almaty. Qazaq kitaby baspasy.
- Toksambayeva, A.O. (2022). Qazirgi qazaq prozasynyń kórkemdik erekshegi [Artistic features of contemporary Kazakh prose]. *EAGI Khabarshysy*, Vol. 3, 188-196. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-3.18>
- Tsikolia, E. (2025). Monomyth in Herman Melville's *Moby-Dick; or, The Whale*. *Language and Culture*. [Electronic Resource]. URL: <https://journals.4science.ge/index.php/enadakultura/article/view/4295> (Date of use: 24.09.2025)
- Zhakulaev, A. (2018). Qazirgi qazaq prozasyndagy gotikalyq órneker [Gothic Patterns in Contemporary Kazakh Prose]. [Electronic Resource]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/20719> (Date of use: 24.09.2025) (in Kazakh)
- Ysraq, B.A. (2023). Madina Omarova ańgimesindegi gotika máselesi [The Problem of Gothic in Madina Omarova's Stories]. *Yasaui universitetiniń khabarchysy*. Vol. 3(129), P. 98-110. (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Утешова Асемгүл Арыстанбайқызы – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Asem.2306@mail.ru);

Мәтбек Нұрсұлу Құрманбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nursulu.m@mail.ru).

Information about the authors:

Uteshova Asemgul Arystanbaevna – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: Asem.2306@mail.ru);

Matbek Nursulu Kurmanbekovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: nursulu.m@mail.ru).

Сведения об авторах:

Утешова Асемгүль Арыстанбаевна – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: asem.2306@mail.ru).

Матбек Нурсулу Курманбековна – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: nursulu.m@mail.ru).

Келіп түсті: 26 қыркүйек 2025 жыл
Қабылданды: 22 желтоқсан 2025 жыл